

№11 «Балапан» бөбекжай - балабақшасы


«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

 А.Еришова

«Тексерілді»

Балабақша әдіскері:

 А.Шуиншалиева

Үйірме жұмысы

«Логика. Ойнайық та, ойлайық» ЖОСПАРЫ

№ 7«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері : Набиева А
Көшербаева А

2021 – 2022 оқу жылы

Логика

Түсінік хат

Ортаңғы тобының тәрбие және білім берудегі басты мақсатының бірі – оқыта және дамыта отырып. Тек өздігінен оқи, жаза алғанда ғана бала білімді мақсатты және нәтижелі түрде игеретіні анық. Ал өздігінен жұмыс істеу бала бойында оқу еңбегінің дағдысы мен икемділіктің қалыптасуын қажет етеді. Бала ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны меңгеру технологиясын да үйренуі үшін оқу процесін қалай ұйымдастыру керек? Бұл орайда «Логика. Ойнайықта ойлайық» атты дамыту курсының тигізер көмегі зор.

Бұл курс мынадай міндеттерді басшылыққа алады:

1. Баланың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыру;
2. Бағдарламаның көздеген мақсатына жету үшін өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру;
3. Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету. Яғни, ақпаратты сауатты қолдана білуін қалыптастыру;
4. Қиялдар, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту;
5. Өз пікірін айту және оны дәлелдеу, дұрыс сөйлеуге дағдыларын қалыптастыру;
6. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

Логика оқу іс-әрекетінің ерекшелігі – негізгі оқулықтан тыс тапсырма берілетіндігінде. Сондықтан оқу іс-әрекеті ойын түрінде жүргізіледі. Танымдық қабілетті балалардың өздерінің икемі мен мінез-құлқына сай дамыту көзделеді. «Логика» курсының негізгі мақсаттарының бірі – «Өрдайым өзің үшін еңбектен!» дегенді баланың санасына сіңіру.

Логика оқу іс-әрекетіне ұсынылатын ойындар мен жаттығулар танымдық, тәрбиелік және дамыту мақсатын көздейді.

Танымдық

Есте сақтау түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. Жалпы оқу икемі мен дағдыны (өздігінен оқулықпен жұмыс істеуін, бақылай білуін және жұмысын бағалай білуін) қалыптастыру және дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу және қажетті нәтижеге жетудің ерекше тәсілдерін табу.

Тәрбиелік

Қоршаған ортаға оң көзқараспен қарауына ықпал етіп, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

Дамыту

Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлеммен жұмыс істеу барысында тілді дамыту. Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бірге пайда болды және бірге дамиды.

Оқу әдістемелік кешен:

- «Логика» Н.Н.Амирова Алматы кітап баспасы 2014

Аптасына – 1 сағат

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	Менің сүйкті балабақшам	Балабақша туралы әңгімелеу .	1	
2	Кім шапшаң?	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	
3	Бірдей қуыршақты тап	Мидың белсенді жұмыс істеуін, есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
4	Айырмашылықтарын тап	Шапшаңдығын бақылау	1	
5	Ғажайып қалта	Шапшаңдығын бақылау	1	
6	Үйін тап	Шапшаң қозғалыс арқылы балалардың қызығушылығын ояту.	1	
7	Гүл күлтешесін тап	Гүлдің күлтешесін орналастырады	1	
8	Мамандықтар	Мамандықтармен таныстыру.	1	
9	Жылдың қай мезгілі ?	Ойын арқылы жыл мезгілін дерін сұрақ қою арқылы жауап береді	1	
10	Төлін тап	Үй жануарларымен таныстыру	1	
11	Кімге не керек?	Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	1	
12	Үй құстарын ата	Үй құстарымен таныстыру	1	
13	Жұбын тап	Екі бірдей суретті орналастыру	1	
14	Менің сүйікті ойыншығым	Ұнайтын ойыншықтары туралы әңгімелесу	1	
15	Маған ұнайтын жеміс	Балаларға ұнайтын жеміс туралы әңгімелеу	1	
16	Суретке қарап боя	Ұқыптылықпен жұмыс жасау	1	
17	Дәл осындай пішінді тап	Қандай пішін суретте тұр дәл сондайды барып орналастыру	1	
18	Мен ғашыркер боламын	Ғарыш әлемі туралы әңгімелесу	1	
19	Әдемі гүл	Түстер туралы ұғымын қалыптастыру,саусақ моторикасын дамыту.	1	
20	Сипаттамасы бойынша тап	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын қалыптастыру	1	
21	Түсіне қарай таңда	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту,ойынға қызығушылығын арттыру	1	
22	Әдемі пішіндер	Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету	1	
23	Түрлі - түсті моншақтар тізу	Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету	1	
24	Тәрелкесіне қарай кесесін	Түстер туралы ұғымдарын	1	

	таңда	кеңейту		
25	Мені кім шақырды	Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту	1	
26	Кім есінде көп сақтайды?	Көзбен көріп есте сақтауын дамыту	1	
27	Түрлі – түсті заттар	Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету	1	
28	Қалай жүріп, нені тапқың келеді	Кеністікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын калыптастыру.	1	
29	Көлеңкесін тап	Балалар берілген суреттерге қарап атауын атап, көлеңкесін табуы керек.	1	
30	Иісі бойынша анықта	Сезім түйсігін, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту	1	
31	Пішіндерді орналастыр	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету	1	
32	Ненің құйрығы ?	Суреттер белгіленген құйрығымен табады	1	
33	Үлкен – кіші	Заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші деген сөздерді қолдана отырып, есте сақтауын, ойлауын дамыту.	1	
34	Кім не жейді?	Жануарлардың немен қоректенетінін атауы керек.	1	
35	Жолын тап	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
36	Артығын тап	Ойын, зейінін тиянақтау	1	
	Барлығы		36	

Барлығы - 36 сағат

Күтілетін нәтиже:

- Логикалық ойлау қабілеттері дамиды, жұмыс жасауға деген қызығушылығы артады;
- Балалар шыдамдылыққа, ұқыптылыққа үйренеді;
- Балалар белсенді жұмыс істеп, зерттеуге ұмтылады.